

ГРАФИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ОРЫНДАЛУЫНДА ТҮҮНДАЙТЫН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Уәлихан Қажиакбарұлы Құсебаев

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
доценті, техника ғылымдарының кандидаты

Атағали Әленұлы Жұмабаев

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, техника ғылымдарының докторы

Резюме

В статье раскрывается суть проблемы замены одной кривой другой при выполнении графических работ. Для упрощения построения некоторых более сложных кривых, их заменяют менее сложными, простыми. При ручном выполнении графических работ эти замены вполне пригодны. Но при компьютерном исполнении чертежей графической программой AutoCAD эти замены не всегда работают корректно. В статье также указаны пути преодоления этих трудностей.

Summary

In article the essence of a problem of replacement of one curve another reveals at performance of graphic works. For simplification of creation of some more difficult curves, them replace less difficult, simple. At manual performance of graphic works these replacements are quite suitable. But at computer execution of drawings by the graphic AutoCAD program these replacements not always work correctly. In article ways of overcoming of these difficulties are also specified.

Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдар аралығында дамыту бағдарламасында жаңа ұлттық деңгейдегі меже белгіленген: 2020 жылға қарай Қазақстан білімді, сауатты да білгір жұмыс күші бар, экономикасы дамыған елге айналуға тиіс. Ол үшін асқақтаған экономика, кемел білімді негізгі тұғыр етіп алуы керек. Бұл тандаудағы мақсатқа жетудің негізгі жолы – білім беру жүйесін жетілдіру.

Оқытудың қазіргі технологиясын дамытуда компьютерлік оқыту жүйесінің орны ерекше. Басқаша айтқанда, оқытудың қазіргі заманауи әмбебап құралы – компьютер. «Сызба геометрия», «Инженерлік

графика», «Сызу» пәндері де компьютерді сыйбаларды орындаудың, конструкторлық құжаттарды даярлаудың негізгі құралы ретінде қабылдан, ол туралы қалыштасқан көзқарас орнығып келеді. Бір сөзben айтқанда, бұрын қолдан сыйзылып журген сыйбалар, енді түрлі графикалық бағдарламалардың бірін қолдану арқылы компьютердің көмегімен орындалса, ешкім таң қалмайтын заман туып келеді. Дегенмен, қолдан орындалған сыйба мен компьютерлік сыйбаның арасындағы айырмашылықтарға көніл бөле журген де жөн. Бұл айырмашылықтар тек компьютерлік сыйбаның орындалу жылдамдығында немесе дайындалған сыйбаның әдемілігінде ғана емес, сонымен бірге орындалу дәлдігіне де байланысты.

Сызуда, әсіресе техникалық сыйзуда түрлі шартты ықшамдаулар мен женілдетіп сыйзу әдістері жиі кездесіп тұрады. Олардың бәрі қабылданған стандарттармен бекітілген де [1]. Мысалы, шенбердің аксонометриялық проекциясы эллипс болса, онда осы эллипсті алмастыратын овалды салудың бірнеше тәсілдері бар екені және соның бірін қолдануға болатыны белгілі. Дәл сол сияқты, сыйбада гиперболаның бір тармағын шенбер доғасымен алмастыру әдістері де кездесіп тұрады. Енді осы алмастыруларды компьютердің көмегімен орындаудың болсақ, дәлдікten туындаудың мәселелер шыға бастайды.


Енді осы мәселелердің біреуін мысал ретінде қарастырып, талқылап көрейік.

Машинажасау сыйбасында жиі кездесетін болттық біріктіруді қарастыралық. МЕСТ 2.315-68 бойынша [2] болттың ұшындағы, болт басындағы және гайкадағы қылқжиектерді ықшамдаап кескіндеу мақсатында, сыйбада көрсетпеуге болады (1-сурет).

Ал енді әр бөлшектің жеке өзін жасау үшін оның жұмыстық сыйбасын орындау керек. Ондай жағдайда болттың, гайканың қылқжиектерін (эксплуатациялық талаптарға сай бұл бұйымдар қылқжиектерімен шығарылады) толық, дәл көрсететін сыйба дайындалады.


Болттағы немесе гайкадағы қылқжиектің сыйылу мысалы 2-суретте көрсетілген. Айналу конусы мен сол айналу осіне параллель жазықтықтың қылысы сыйығы гипербola болатыны белгілі. Гипербola екінші дәрежедегі алгебралық кисық болғандықтан, оны салу үшін бес нүктө қажет. Ал болт басының, гайканың фронталь проекциясында үш гипербola салуға тұра келеді. Сызуышының енбегін женілдету мақсатында бұл гиперболаларды шенбер доғаларымен

алмастыруға рұқсат 1928 жылы ОСТ 356 (Общесоюзный стандарт) құжатымен берілген [3].




1-сурет. Болттың біріктірудің ықшамдалған кескінделуі

Сексен жылдан астам тарихы бар бұл құжаттағы ережелер күni бүгінге дейін кең қолданыс табуда.




2-сурет. Кыпқижеңтегі гипербола дөғаларының салынуы



3-сурет. Гиперболаларды шенбер дөғаларымен алмастыру жолдары

3-суретте қызыжиеқ гиперболаларын шеңбер дөгаларымен алмастыру жолдары көрсетілген.

$R_1 = 1.5d$, $R_2 = d$, ал $R_3 = R_1$ радиусымен жүргізілген шеңбер арқылы табылады. Сызба қолдан орындалғанда және сызба онша үлкен болмаған жағдайда бұл әдіс өз міндеттін толық атқара берері даусыз.




4-сурет. Шеңбер дөгасының қызыжиеқ түзуінен асып кетуі

Бірақ сызбаны орындаудың компьютерлік технологиясы бұл ескі әдістің кейбір кемшілігін көрсетіп қоюда. R_1 мәнін графикалық жолмен тауыш, гипербола дөгасын радиусы R_2 -ге тең шеңбер дөгасымен алмастырған кезде, дөға 30° бұрышпен (бұйымды дайындау технологиясында негізінен 30° қызыжиеқ қолданады) орналасқан

конус жасаушысынан асып шығыш кетеді. Мысалы, графикалық бағдарлама ретінде AutoCAD жүйесі қолданылса, онда сыйбаны үлкейтіп-кішірейту ешқандай қындық туғызбайды. Бірнеше есе үлкейтілген кескінде шенбер дөғасының қылқжиек тұзуінен қашшалықты асып тұрганы 4-суретте анық көрсетілген.

Сыйбаны орындаудың компьютерлік технологиясы мұндай өрескел қателікке көнбейтіні белгілі. Олай болса, қылқжиек гиперболаларын алмастыратын басқа жол іздеген дұрыс. Бұл мәселені шешудің бір әдісі ретінде мына тәсілді ұсынуға болады: гиперболаның екі шеткі және ортадағы жоғары нұктені дәл тауыш алу керек (5-сурет).



5-сурет. Қылқжиек дөғаларын сплайн командасының көмегімен салу

Шыққан нүктелерді шеңбер доғасымен емес, AutoCAD бағдарламасының «Черчение» панеліндегі сплайн ~ құралын



пайдалана отырып, бұл үш нүктені қосып шығуға болады [4]. Жаңадан жүргізілген бұл қисық бізге қажетті гиперболаны үлкен дәлдікпен алмастыра алатынын 5-суреттен аңғаруға болады.

Сонымен, конструкторлық күжаттарды компьютерлік технология негізінде дайындау барысында осындай мәселелер шығыш түруы мүмкін екен. Оларды шешіп тұру үшін қазіргі сзыу технологияларына жаңаша, инновациялық көзқараспен қарап, графикалық бағдарламалардың соңғы жетістіктерін онтайлы пайдалана білу қажет.

Колданылған әдебиеттер:

1. Федоренко В.А., Шошин А.И. Справочник по машиностроительному черчению. - Л.: Машиностроение. 1981. – 304 с.
2. Единая система конструкторской документации (ЕСКД) – комплекс государственных стандартов. Официальное издание. - М, 1986. - 131 с.
3. Левицкий В.С. Машиностроительное черчение. - М.: Высшая школа. 1988. - 351 с.
4. Джеймс М., Киркпатрик А. AutoCAD. Фундаментальный курс. - М., 2006. – 573 с.